

ӘОЖ 347.965

Г.А. Қуаналиева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кеден, қаржы және экологиялық құқық»
кафедрасының доценті, заң ғылымдарының докторы Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru

Қазақстан Республикасының қылмыстық сот өндірісіндегі адвокаттардың орны

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакт әр адамға өз еркімен адвокатты таңдап қорғану құқығына кепілдік береді. Бұл құқық әділетті сот процесінің негізі болып табылады. Өйткені ол толыққанды қорғаудың негізгі шарты болып табылатын, айыпталушы мен адвокаттың арасындағы сенімділікті қалыптастырады, сондай-ақ сенімге және қорғаудың кәсіби мәртебесіне асыра сілтеушілікке жол бермейді. Адвокаттың құқықтық мәртебесінің негізін, тек қана заңда көрсетілген өкілеттіктер емес, сонымен қатар осы өкілеттіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заңды механизмдердің жиынтығы да құрайды. Осындай механизмдердің қатарына, адвокаттардың өз кәсіби міндеттерін атқару барысында құқық қорғау және құқық қолданушы органдарынан тәуелсіз болу кепілдігі жатады. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының 17-бабында адвокаттық қызметтің кепілдіктерінің толық тізбегі көрсетілген, олардың ішінде адвокаттық қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіруге тыйым салу; адвокаттық іс жүргізу, онымен байланысты өзге де материалдар мен құжаттарға қол сұғылмаушылық; адвокатқа өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығудың құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда осылайша жолығуына рұқсат беруден бас тартуға, сондай-ақ олардың саны мен ұзақтығына шек қоюға тыйым салынады.

Түйін сөздер: адам құқықтары мен бостандықтары, адвокат, адвокаттық қызмет, сезікті, айыпталушы, сот.

G.A. Kuanaliyeva

Role of a lawyer in criminal proceedings the Republic of Kazakhstan

International Covenant on Civil and Political Rights guarantees the right to be protected by legal counsel of his choice. This right is one of the fundamental pillars of a fair trial, as it provides the main condition for full protection – trust between the accused and his lawyer, and also eliminates the abuse of the trust and the professional status of the defense at all.

The basis of the legal status of the attorney constitute not only the powers enumerated in the law, but a set of legal mechanisms to implement these powers. Among these mechanisms, inter alia, include the guarantee of the independence of the lawyer's law enforcement agencies of the state in the exercise of their professional obligations. Statute 17 of the Law of the Republic of Kazakhstan "On Advocacy" contains a very extensive list of guarantees of this activity, including but not limited to a ban on obstructing its implementation, privacy advocates records and related materials, the ban on denial of visits and much more.

Keywords: human rights and freedoms, lawyer, advocacy, suspect, accused.

Г.А. Қуаналиева

Роль адвоката в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан

Международный пакт о гражданских и политических правах гарантирует каждому право быть защищенным адвокатом по своему выбору. Это право представляет собой одну из фундаментальных основ справедливого судебного процесса, поскольку обеспечивает главное условие полноценной защиты – доверие между обвиняемым и его адвокатом, а также исключает злоупотребления этим доверием и статусом профессионального защитника вообще.

Основу правового статуса адвоката составляют не только перечисленные в законе полномочия, но и совокупность юридических механизмов, позволяющих эти полномочия реализовать. К числу таких механизмов, помимо прочего, относятся гарантии независимости адвоката от правоприменительных органов государства при исполнении им своих профессиональных обязанностей. Статья 17 Закона Республики Казахстан «Об адвокатской

деятельности» содержит весьма обширный перечень гарантий этой деятельности, в числе которых, помимо прочего, запрет на воспрепятствование ее осуществлению, неприкосновенность адвокатского делопроизводства и связанных с ним материалов, запрет на отказ в предоставлении свиданий и многое другое.

Ключевые слова: права и свободы человека, адвокат, адвокатская деятельность, подозреваемый, обвиняемый.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында: «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі», – деп нақты белгіленген [1, 8 б.].

Аталмыш конституциялық норманы дамыта отырып, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің нормалары, қорғаушы, тұлғаны айыпты ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шығарылған сәттен бастап іске қатысуға, ал нақты тұлғаға қатысты қылмыстық іс қозғалған, қылмыс жасауда сезікті тұлғаны ұстаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (ҚР ҚІЖК) 132, 134-баптарында қарастырылған жағдайларда бұлтартпау шарасын қолдану, қылмыс жасауда сезікті тұлғаға сот-психиатриялық сараптама тағайындау туралы қаулыны оқыған, процесуалдық мәжбүрлеу немесе қылмыс жасауда сезікті тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын басқа да процесуалдық әрекеттерді жүзеге асырған, нақты тұлғаға қатысты қылмыстық іс қозғалған сәттен бастап немесе қылмыс жасауда сезікті тұлғаны нақты ұстаған сәттен бастап немесе қылмыс жасауда сезікті тұлғаға сот-психиатриялық сараптама тағайындау туралы қаулыны оқыған сәттен бастап, яғни процесуалдық мәжбүрлеу немесе қылмыс жасауда сезікті тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын басқа да процесуалдық әрекеттерді жүзеге асырған сәттен бастап іске қатысуға жіберілетіндігін белгілейді. Осылайша, кез келген бұлтартпау шарасы таңдалған әрбір сезікті немесе айыпталушының қорғаушы көмегін алуға құқығы бар [2, 8 б.]. Аталған заң нормасы, әрине, өз бастамасын Қазақстан Республикасының Конституциясынан алады: «Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы» [1, 9 б.].

Адвокат сөзі латынның сөздерінен аударғанда «шақырамын», «көмекке шақырылған» деген сөздерді білдіреді. Адвокатура тарихта ежелгі дәуірден бастап заңгерлік кеңесші ретінде белгілі болған. Алғашқы адвокаттар Ежелгі Римде пайда болған [3, 13 б.]. Бұл жөнінде поляктың

құқықтанушы-тарихшы ғалымы Е.В.Васьковский: «...Римде алғашқы заңгерлер патрондар болған, олардың тұлғасында екі кәсіп біріктірілді: заңгер-кеңесшілер және адвокаттар», – деп жазады. Адвокатура Ежелгі Римнің республикалық кезеңінде тәуелсіз кәсіп ретінде жұмыс атқарған және ешқандай ұжымдық ұйымдастырылуы болмаған [4, 13 б.].

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуде қорғаушының рөлі, әсіресе қылмыстық сот ісін жүргізуде аса маңызды болып табылады. Қылмыстық сот ісін жүргізуде қорғаушының қызметі сезіктінің, айыпталушының, сотталушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және оған білікті заңгерлік көмек көрсетуге бағытталған. Қорғаушы сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуде қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі қатысушыларының бірі болып табылады.

Осы адам құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылғанда кез келген адам адвокат көмегін қажет етеді. Өйткені «Адвокат жоғарғы заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы» [5].

Қорғаушының іске міндетті қатысуы ҚР ҚІЖК-тің 71-бабында көрсетілген. Олар:

- ол туралы күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам өтініш жасаса;
- күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам кәмелетке толмаса;
- күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса;
- күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам сот ісі жүргізілетін тілді білмесе;
- адам жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айырылу, өмір бойы бас бостандығынан айырылу не өлім жаза-

сы тағайындалуы мүмкін болатын қылмысты жасағаны үшін айыпталса;

– айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылса немесе ол мәжбүр етіліп стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға жіберілсе;

– күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың, сотталған адамдардың, ақталған адамдардың мүдделері арасында қайшылық болып, олардың біреуінің қорғаушысы болса;

– қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге жәбірленушінің (жеке айыпталушының) немесе азаматтық талапкердің өкілі қатысса;

– іс сотта қаралған кезде прокурор (мемлекеттік айыптаушы) қатысса;

– айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болса және алдын ала тергеу органдарына келуден жалтарса міндетті.

Бүгінгі таңда қылмыстық істегі қорғау институты реформаны қажет етеді. Қорғаушының жоғары мәртебесі, айыптау жағымен оның тең процессуалдық құқықтары, оның өзіне берілген өкілеттерді толыққанды пайдалануы, қорғаушының қызметіндегі басқа да қиындықтарды шешу туралы айту қажет.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында: «Қазақстанда құқықтық мемлекет құру азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен байланысты арнайы институттарды одан әрі жетілдіруді талап етеді. Адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесіндегі маңызды тетігі Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты болып табылады. Бұл мемлекеттік құқық қорғау институтын құру Қазақстандағы демократияның дамуындағы үлкен қадам болды. Осы институт қызметінің нәтижелігін арттыру мәселесін қарау керектігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Құқық қорғау институттары жүйесіндегі жетекші рөлге азаматтарға заңгерлік көмек көрсету жүйесінің негізі болып табылатын адвокатура ие.

Азаматтардың білікті заңгерлік көмек алуға конституциялық құқығын іске асыру әділ сот төрелігіне қол жеткізудің шарты мен кепілі болып табылады. Осы құқықтың іске асырылуы тетіктері жетілдіруді қажет етеді.

Алқабилер сотын енгізу, қамау санкциясын соттарға беру адвокатура рөліне жағымды әсерін тигізді. Алайда қылмыстық іс жүргізудің белсенді қатысушысы ретіндегі іс жүргізудегі адвокаттың құқықтарын іске асырудың тиімді құқықтық тетіктерін талап етеді.

Заңгерлік көмек көрсету жүйесінің өзі де жетілдіруді талап етеді. Ең алдымен, табыс деңгейі төмен адамдарға құқықтық көмек көрсету жүйесін жақсарту қажет.

Қалалық және ауылдық жерлерде біркелкі емес адвокаттық қызмет көрсетумен қамтудың мәселесін бірте-бірте шешу қажет.

Ақысыз заңгерлік көмек көрсететін адвокаттардың еңбегіне ақы төлеуге әкімшілік ету жүйесі де түзетуді қажет етеді. Аталған жүйені шоғырландырылған және ашық ету қажет, бұл бюджет қаражатын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Адвокаттардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру институты енгізілген елдер тәжірибесін ескере отырып, мұндай сақтандыруды біздің елде енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет», – деп көрсетілген.

Құқықтық саясат тұжырымдамасында белгіленген тапсырмалар Қазақстан Республикасы үшін өте өзекті әрі маңызды болып табылады. Бұл тапсырмаларды қорғау институтының реформалары негізінде жедел түрде тәжірибеге енгізу шарт деп ойлаймыз.

Қазіргі таңда ҚР ҚІЖК-нің 70-бабы қорғаушы ретінде адвокатқа жол берілетіндігін қарастырады. ҚР ҚІЖК 70-бабының бөлігіне сәйкес: «Қорғаушы ретінде адвокат қатысады. Қорғаушы ретінде қылмыстық процеске адвокаттың қатысуы кезінде күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғауды одан басқа оның жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы не қамқоршысы, қорғаншысы не күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғаншылыққа немесе асырауына алған ұйымның өкілі жүзеге асыра алады. Шетелдік адвокаттардың іске қорғалушылар ретінде қатысуына, егер бұл ҚР тиісті мемлекетпен жасасқан халықаралық шартында өзара негізде көзделсе, заңнамада белгіленген тәртіппен жол беріледі» [2]. Бұл ретте мұндай балама қорғаушыда заңгерлік білімнің, қандай да бір кәсіби білім мен заңгерлік мамандық бойынша тәжірибелік жұмыс өтілінің болу-

ын заң талап етпейді. Бұл іс жүзінде сезіктіге, айыпталушыға, сотталушыға білікті заңгерлік көмек алу құқығын қамтамасыз ету мүмкіндігін шүбәлі етеді. Қорғаушы қылмыстық-процессуалдық құқықты, қылмыстарды алдын ала тергеу өндірісінің теориясы мен тәжірибесін жетік білуі, қылмыс жасауда сезікті немесе айыпталушы тұлғаларды қорғау тактикасы мен әдістемесін меңгеруі және көптеген басқа да қасиеттері болуы тиіс. Онсыз ол заңда белгіленген мақсатына сәйкес бола алмайды. ҚР ҚДЖК-де белгіленген сезіктілер немесе айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асырып, оларға қылмыстық-процессуалдық заңда берілген өкілеттер, сонымен қатар олар тыйым салмаған құралдар мен тәсілдерді пайдалана отырып, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде заңгерлік көмек көрсетеді.

Заңгердің кәсіби білімі қорғаушы біліктілігінің жалғыз белгісі болып табылмайды. Құзыреттіліктің басқа бір көрсеткіші оның кәсіби этикасы болып табылады. А.Д. Бойковтың пікірінше: «Маманның кәсіби толысуы тек белгілі бір білім, дағды мен машықтардың жиынтығымен ғана сипаттала алмайды, ол тұлғаның адамгершілікті дамуының тиісті деңгейіне, оның осы мамандықтың моральдық талаптарын игеруін де қамтиды» [7, 5 б.]. Сот ісін жүргізудің саласында қызметтің адамгершілікті реттегіштері (құқықтық формасы жоқ) құқықтық реттегіштерге қосымша ретінде әрекет етсе де, қорғаушының этикалық нормаларды ұстануы оның кәсіби функциясын дұрыс орындаудың қажетті шарты болып табылады. Қорғаушының қылмыстық істегі дұрыс мінез-құлқы, тергеу жүргізуші тұлға және сот ісін жүргізудің басқа да қатысушыларымен жанжалдасудан жалтара білуі, қорғалушымен өзара сенімді қатынастар орната білу қабілеті көп жағдайда жүзеге асырылатын қорғаудың жалпы жетістігіне септеседі.

Айтылғандар қолданыстағы қылмыстық-процессуалдық заңнамаға сәйкес қорғаушылар ретінде іске жіберілуі мүмкін барлық тұлғалардан заманауи Қазақстан жағдайларында, тек қорғаушы ғана білікті заңгерлік қорғауды нақты жүзеге асыра алады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Оның кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар адвокатура туралы заңнамамен анықталады. Қазақстандағы қорғаушының мәртебесін жоғары заңгерлік білімі бар тұлға ғана иеленуге құқылы. Бірақ азамат

қорғаушы болуы үшін бір жоғары заңгерлік білім жеткіліксіз. Адвокатураға қабылдау үшін қажетті ойлау қабілеттерін құрайтын тәжірибелік дайындықпен қоса, қорғаушыдан талап етілетін теориялық дайындықтың бір бөлігі ғана – аталмыш тұлға, сондай-ақ кем дегенде үш айлық тәжірибеден өтуі керек.

Қорғаушыны таңдаудың тек заңгерлік емес, сонымен қатар этикалық бастауы бар. Қорғаушы мен оның «клиентінің» қалыпты қарым-қатынастары өзара сенім болмаған жағдайда қажетті дамуын таба алмайды. «Сонымен қатар айыпталушымен психологиялық байланысқа кіру кезеңі қорғаушының өз қорғалушысын қаншалықты білетіндігінде, оның психологиялық ерекшеліктеріне, қылмыстық істің мән-жайына қатысты онда бар пікірлерге едәуір байланысты» [8, 20 б.].

Қорғаушыны алып, сезікті оның сенім білдіруге тұрарлық заңгер болсын деген тілек білдіре алады. Сондықтан болашақта қорғаушылар алқасының мүшесі болып табылмайтын тұлғаны қорғаушы ретінде қатысу мүмкіндігі жойылады. Бірақ ҚР ҚДЖК-де мұндай мүмкіндікті таңдалған заңгер өзінің қорғалушысына білікті заңгерлік көмек көрсетуге қабілетті болу шартымен шектеген жөн және бұл лицензияның болуымен расталуы керек.

Адвокат-қорғаушы көрсететін құқықтық көмек, әдетте, түрлі тікелей міндеттерді шешуге бағытталған. Жалпы түрде оның құрылымы келесідей түрде ұсынылуы мүмкін:

а) сезікті немесе айыпталушыға қылмыстық іс жүргізу ісіндегі оның құқықтық мәртебесін түсіндіру;

б) орын алған күдік немесе айыптаудың болмысын түсіндіру;

в) қорғалушы үшін жағымды (оның жауапкершілігін ақтаушы, жұмсартушы немесе жоққа шығарушы) және ол үшін жағымсыз (жазалау мен жауапкершілікті ауырлататын, қылмыс жасауда әшкерелейтін) жағдайлардың мәнін түсіндіру;

г) қорғаушының, сонымен қатар қылмыстық іс жүргізу ісіне басқа да қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

д) қорғалушыларға арыз, шағым және басқа да процессуалдық құжаттар жасаудағы көмек;

е) қылмыстық іс жүргізу ісін жүргізу бойынша мемлекеттік-биліктік өкілеттер берілген

лауазымды тұлғалар мен органдардың алдында қорғалушының мүдделерін ұсыну.

Сезікті немесе айыпталушыға оның құқықтарын түсіндіре отырып, қорғаушы қорғалушының оған берілген құқықтық қорғану құралдарын пайдалану тактикасы мен әдістемесіне байланысты мәселелерге назар аударуы керек. Қорғаушының кеңестері мен нұсқаулары сезікті немесе айыпталушыға өзінің құқықтарын өздігінен қамтамасыз етуге және солардың көмегімен алдын ала тергеуде өзінің заңды мүдделерін дербес қорғау мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Сезікті немесе айыпталушы қылмыстық іс жүргізу қатысушысы ретінде тек құқықтарға ие болып қана қоймай, қорғаушы түсіндіруі тиіс процессуалдық міндеттерді көтереді. Осы міндеттерді түсіндіру белгілі бір қиындықты тудыратынын атап кеткен жөн, өйткені заңда олардың шағын тізімі жоқ. Алайда сезіктінің міндеттері заңда тура бекітілмеген және тек қана жағымсыз сипатқа ие, олар заңда тыйым салынбаған белгілі бір әрекеттер жасауына жол берілмеу керек және жағымды форма иелене алмауы керек, яғни сезіктінің позитивтік сипаттағы белгілі бір әрекеттер жасау міндеттерін тудырмауы тиіс екендігімен келісуге болмайды.

Сезікті, айыпталушы сияқты да екі ұшты мағынадағы міндеттер көтереді: олардың бірі заңда көрсетілген белгілі бір әрекеттерге жол бермеуде көрініс табады; басқалары қажеттілік туындаған жағдайда заңда жазылған әрекеттер жасауда болып табылады. Олардың құқықтық регламенттеу сипаты да әртүрлі. Сезікті міндеттерінің кейбіріне заңда тікелей нұсқаулар көрсетілген (мысалы, анықтаушы, тергеуші, прокурордың шақырулары бойынша келу (ҚР ҚІЖК 19-тарау), басқалары осы міндеттерді корреспонденциялайтын тергеуші мен соттың қылмыстық-процессуалдық нормаларында бекітілгендерден туындайды (мысалы, соттың сот талқылауындағы тәртіпке қатысты заңды жарлығын орындау міндеті (ҚР ҚІЖК 327-бабы) және т.б.).

Қорғаушының қорғалушыға оның қыл-

мыстық іс жүргізудегі құқықтық мәртебесін түсіндіру бойынша қызметін қорғалушыға ол соның көмегімен қылмыстық іс жүргізуде өзінің заңды мүдделерін қорғай алатын конституциялық құқықтарының мәні жеткізілмеген болса, қанағаттанарлық деп тануға болмайды. Басқа құқықтарының қатарында қорғаушы айыпталушыға да, сезіктіге де кінәсіздік принципін мәнін түсіндіруге міндетті.

Құқықтары мен міндеттерін түсіндіргеннен кейін қорғаушы қорғалушыға орын алған күдіктену мен айыптаудың мәнін түсіндіруде құқықтық көмек көрсетуі тиіс. Қызметтің осы бағыты қорғалушы жасады деп айыпталған қылмыстың нақты жағын, заңгерлік түсіндіру мен құқықтық біліктілігін ашуда болып табылады.

Тағылған айыпты және оның салдарын дұрыс түсіну айыпталушының өзінің қорғану құқығын мақсатты түрде жүзеге асыруда маңызды мәнге ие болады. Айыптау мәнін біле отырып, азамат, оның ішінде, ол көрсеткен куәлардан жауап алу, оның пікірінше, айыптауды теріске шығарып, бұлтартпау шарасын қолдану қажеттілігін жоққа шығаратын, дәлелдік мәні бар, құжаттар мен басқа да нақты деректер талап ету туралы арыз беруі мүмкін.

Қылмыстардың нақты жағын түсінуде айыпталушы, әдетте, қиналмайды. Сондықтан қорғаушының міндеті осы іс бойынша қолданылуы мүмкін қылмыстық заң баптарында болатын құқықтық түсініктерді түсіндіруде болып табылады. Бір мезгілде қорғаушы, өзінің қорғаушысымен ашық әңгімеге сүйене отырып, соңғыға оның әрекетінде қылмыс құрамының бары немесе жоқтығы туралы ашық айтуы тиіс. Өзінің нақты жағдайын білу айыпталушының іс бойынша дұрыс ұстаным таңдауына септігін тигізеді.

Адвокатура жүйесі де заманына қарай жаңарып отыруы тиіс. Адвокатура – азаматтық қоғамның заң органдары мен күш құрылымдары арасындағы «елшісі». Даудың әділ шешілуі үшін адвокаттарға тәуелсіздік, толық құқық, биік мәртебе беруге тиіспіз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл. (2 ақпан 2011 жылғы өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі 13 желтоқсан 1997 жыл (15 ақпан 2012 жылғы өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес).
3. Алауханов Е.О. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет. – Алматы, 2010. – 348 бет.
4. Васильковский Е.В. Организация адвокатуры (Глава III. Франция. Том I. Очерк всеобщей истории адвокатуры). Типография П.П.Сойкна, 2003.
5. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5 желтоқсан 1997 жыл. (13 ақпан 2012 жылғы өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес).
6. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 858 Жарлығы // Егемен Қазақстан 2009, 28 тамыз, N 281-283 (25680).
7. Бойков А.Д. Этика профессиональной защиты по уголовным делам. – М., 1978. – 332 с.
8. Садықов А.Ж. Адвокат-қорғаушының сезіктіге, айыпталушыға және сотталушыға білікті заң көмегін көрсетуі. Заң ғылым., кан., диссерт., авторефераты. – Алматы, 2010.

References

1. Kazakhstan Respublikasynyn Konstitutsiyasy 30 tamyz 1995 zhyl . (2 ақпан 2011 zhylgy ozgertuler chane tolyktyrularga sәykes).
2. Kazakhstan Respublikasynyn kылmыstyk is zhүrgizu kodeksi. 13 zheltoksan 1997 zhyl. – Almaty: Lawyer, 2008 zhyl. – 206 b.
3. Alauhanov E.O Kazakhstan Respublikasyndagy advokatyra zhane advokattyk kызmet . – Almaty, 2010. – 348 bet.
4. Vas’kovsky E.V Advakatury Organization (Chapter III. France . Volume I. Outline of World History of the Bar). Typography P.P.Soykna.-2003.
5. «Advokattyk kызmet turaly» Kazakhstan Respublikasynyn Zany 5 zheltoksan zhyl 1997. (13 ақпан 2012 zhygy ozgertuler chane tolyktyrularga sәykes).
6. «Kazakhstan 2010 Respublikasynyn zhyldan 2020 zhyлга deyingi kezenge arналган kykyktyk Sayasat tuzhyrymdamasy turaly» Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2009 zhylgy 28 тамызdagy Zharlygy N 858 // Egeмен Kazakstan 2009 zhyl, 28 тамыз, N 281-283 (25680).
7. Boikov A.D. Professional ethics of criminal defense. – M., 1978. – 332.
8. Sadykov A.Z. Advokat қорғаushynyn seziktige, аyyptalushyга zhane sottalushyга bilikti zan komegin korsetui. Zan Gylym . , Ch . ‘s Dissertation . , Abstracts . – Almaty, 2010 .